

Аудандық Мәслихаттың регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының VI сессиясының 2004 жылғы 21 мамырдағы N 6/53 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 3 маусымда N 1540 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы N 34/303 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2011.03.29 N 34/303 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 545 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 8 бабы 3 тармағы 5 тармақшасына сәйкес аудандық Мәслихат шешім етті:

1. Аудандық Мәслихаттың регламенті бекітілсін. (N 1 қосымша қоса тіркелді)

Аудандық VI-сессиясының төрағасы	Мәслихаттың кезектен	тыс
Аудандық Мәслихат хатшысы	III. Жұмашев	
2004	Х. Омаров	
жылғы		
аудандық	21	мамырдағы
кезектен		Мәслихаттың
"Аудандық	6	сессиясының
регламентін	бекіту	Мәслихаттың
N	шешімімен	туралы"
6/53		бекітілген
N 1 қосымша		

Аудандық Мәслихаттың регламенті

1. Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес аудандық Мәслихат өз құзіретіне кіретін жергілікті мәні бар мәселелерді қарап, шешуге құқылы. Аудандық Мәслихат пен оның органдарының жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті Зандары және осы регламент арқылы анықталады.

2. Сессия өткізуге байланысты: Бірінші сессияның күн тәртібі, жұмыс реті мен басқа да мәселелерді алдын ала талқылау үшін депутаттар өкілдерінен

құрылған **депутаттар** **жинаалысы** **шақырылады.**

Жаңадан сайланған Мәслихаттың бірінші сессиясын осы Мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үші болған ретте, Мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімінен кешіктірмей, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады. Сессияның күн тәртібі мен жұмысы туралы ұсыныстар жинаалысқа аудандық Мәслихат хатшысы арқылы

енгізіледі.

3. Аудандық Мәслихат сессиясының өтетін жері мен уақыты, Мәслихат қарауына енгізілген мәселелер жөніндегі мағлұматтар сессияға дейін он күн қалғанда немесе бір апта бұрын "Жанаарқа" газетінде жарияланып, хабарланады. Газет бетінде сессияның өтетінін жариялау депутаттарға негізгі жұмысынан босатуға

негіз **болып** **табылады.**

4. Аудандық Мәслихат сессиясының төрағасы:

1) Мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

2) Мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді;

3) Мәслихат сессиясын әзірлеуге басшылық жасауды жүзеге асырады, сессиясының

күн **тәртібін** **қалыптастырады;**

4) Мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген Мәслихаттың шешіміне, хаттамаларға, өзге де құжаттарға қол қояды;

5) сессия барысында регламенттің сақталуын қадағалайды, жарыссөзде сөйлеуге жазылғандар жөніндегі мағлуматтарды хабарлайды, өтініштердің түсү тәртібі бойынша сөйлеушілерге сөз береді, сөз сөйлеуші регламент тәртібін бұзған жағдайда оған ескерту жасап, сөзін бөлуге құқысы бар;

6) шешімнің жобасын, қаралған мәселе бойынша депутаттардың ұсынысын дауысқа салуды ұйымдастырады және дауыс қорытындысын жариялады;

7) мәжіліс төрағасына немесе сессия хатшылығына келіп түскен сұрак, анықтама,

өтініш **және** **ұсыныстарды** **жариялады;**

8) мәжіліс залындағы тәртіпті қамтамасыз етеді;

9) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңында және осы регламентте бекітілген басқа да құқықтарды пайдалана алады.

5. Аудандық Мәслихаттың әрбір сессиясын өткізер кезеңде оның бірінші мәжілісінде

сессия **хатшылығы** **құрылады.**

Хатшылық ашық дауыс арқылы, құрамында төрағасы мен мүшелері бар депутаттар арасынан сайланады. Сессияның төрағасы алғашқы мәжілісте хатшылықтың жеке құрамы жөнінде арнайы шешімді бекітуді ұсынады.

Хатшылық аудандық Мәслихат мәжілісінде стенограмма жүргізууді ұйымдастырады, немесе сессияның хаттамасын жүргізіп отырады сөз сөйлеуге тілек білдірушілерді жазып алады, депутаттардың тілегі, талабы, анықтамасы, хабарламасы, өтініші, ұсынысы және депутаттардан түскен басқа да

материалдарды құжат ретінде тіркеп, тұсу ретімен нөмірлеп отырады.

Хатшылық сессияда тәрағалық етушіге жарыссөзге тіркелгендер және депутаттардың басқа да белсенділігі жөнінде мәліметтер беріп отырады.

6. Аудандық Мәслихат сессиясының күн тәртібі мен жұмыс кестесін оның бірінші мәжілісінде талқылап, ашық дауысқа салу арқылы жалпы депутаттар құрамының **көпшілік** **дауысымен** **бекітеді**.

Аудандық Мәслихат депутаттары сессияның қарауына сұрақтар қоюға, сессияның күн тәртібі мен жұмыс кестесі жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

Сессияның күн тәртібі мен жұмыс кестесіне ұсыныстар мен ескертулер хатшылыққа немесе сессия тәрағасына жазбаша түрде беріледі немесе жарыссөзге шығып сөйлегенде айтылады. Жазбаша түрде келіп түскен ұсыныстарды сессияға тәрағалық етуші жарияладап отырады.

Сессияның күн тәртібіне келіп түскен ұсыныстарды енгізу жөніндегі мәселе әрбір ұсыныс бойынша депутаттардың жалпы санының **көпшілік** **дауысымен** ашық **дауысқа** **салу** **арқылы** **шешіледі**.

7. Аудандық Мәслихаттың сессия мәжілісі ашық және жабық түрде **жүргізіледі**.

Аудандық Мәслихат сессиясына Қазақстан Республикасы Парламентінің, облыстық Мәслихаттың депутаттары қатыса алады және қаралатын мәселелерге қатысы бар мемлекеттік органдар, мекеме, кәсіпорын, қоғамдық ұйымдар басшыларын, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тұрақты комиссиялар ұсынысы негізінде Мәслихат хатшысымен сессия тәрағасы шақырады.

Сессия тәрағасы бірінші мәжілісінде сессияға шақырылғандардың құрамы мен саны жөнінде хабардар етеді. Шақырылғандарға мәжіліс залынан арнайы орын **беріледі**.

Сессияға шақырылғандар тәртіп сақтап, тәрағалық етушінің өкіміне бағынады және тек депутаттардың рұқсат етуімен ғана мәселені талқылауға қатыса **алады**.

Аудандық Мәслихат сессиясының мәжілісін және онда қабылданған шешімдер жөніндегі ақпарат хабарлары 7-10 күннен кешіктірілмей аудандық "Жаңаарқа" **газетінде** **жарияланады**.

Аудандық Мәслихат шешімі бойынша жекелеген мәселелер жөнінде сессияның **жабық** **мәжілісі** **өткізілуі** **мүмкін**.

8. Аудандық Мәслихат сессиясы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Осыған байланысты қажет болған жағдайда орыс тіліне синхрондық аударма қамтамасыз **етіледі**.

9. Сессияда баяндама үшін уақыт 25 минутке дейін, баяндамаға қосымша және көрітынды сөзге 15 минутке дейін уақыт белгіленеді.

Жарыссөзде сөйлеушілерге 5-7 мин., жарыссөзге қайталап сөйлеушілерге,

сондай-ақ сессияның қаулысын талқылауға 3 минут, кандидатура ұсыну, мәжілісте жүргізу тәртібі, дауыс беру жөнінде, өтініш, талап, тілек, ұсыныс, хабарлама, анықтама және басқа да мәселелер жөнінде сөйлеуге 3 минут уақыт белгіленеді.

Қажетті жағдайларда төрағалық етуші депутаттардың көпшілігінің келісімімен сөз беру уақытын ұзарты алады. Сөз трибунадан сөйленеді, сондай-ақ төрағаның келісімімен залдағы микрофон алдында да сөйлеуге болады.

Сөз сұрау жөніндегі өтініш, ереже бойынша төрағалық етушіге сессия хатшылығы арқылы жазбаша түрде беріледі. Сессия төрағасы депутаттың ауызша өтініші арқылы да сөз берे алады.

Аудандық Мәслихат сессиясы жұмысындағы үзіліс әрбір 2 сағат 20 минуттан кейін беріледі. Мәжіліс соңында уақытты 30 минутқа дейін ұзартуға болады. Депутаттардың қысқаша өтініш, хабарламаларын тыңдауға 2 минут уақыт беріледі. Бұл өтініштер мен хабарламалар бойынша жарыссөз болмайды.

10. Аудандық Мәслихат депутаты бір мәселе жөнінде екі рет қана сөз ала алады.

Сессияда сөйлеуші өз сөзінде дөрекі сөйлеп, заңсыз және күштеу әрекеттеріне жол бермеуге тиіс. Сессия төрағасы бұл жағдайда мұндай сөздер мен үndeулерді жібермеу жөнінде ескерту жасауға құқылы.

Қайталап ескертуден кейін сөз сөйлеуші сөйлеу құқынан айырылады. Аталған адамға талқыланған мәселе бойынша екінші мәрте сөз берілмейді.

Егер сөз сөйлеуші өзіне белгіленген уақыттан асып кетсе немесе талқыланып отырған мәселе тақырыбынан, шығып кетсе онда сессия төрағасы оны тоқтатуға міндettі. Ал ерекше жағдайда депутаттардың келісімімен оған қосымша 2-3 минут уақыт беруге құқысы бар.

11. Жарыссөз барысында сессия төрағасы талқыланған мәселе бойынша әр түрлі пікірлердің қамтылуын қамтамасыз етеді.

Жарыссөз сессияға қатысушы депутаттардың басым көпшілігінің ашық дауысқа салу арқылы қабылданған шешімімен тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату жөніндегі мәселені қабылдау кезінде төрағалық етуші депутаттарды сөз сөйлеуге жазылған және сөйлеген депутаттар жөнінде хабардар етіп, ешкімнің сөз беруді талап етпейтіндігін анықтайды да соナン соң барып дауысқа қояды.

Жарыссөзден соң баяндамашы мен қосымша баяндама жасаған адам қорытынды сөз сөйлеуге де құқылы. Егер депутаттар жарыссөздің тоқтатылуына байланысты сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие бола алмаса, олардың өтініштері бойынша сөздері сессия хаттамасына тіркелуі тиіс.

12. Аудандық Мәслихат әрбір сессиясының жұмысы кезінде сессия төрағасының ұсынысы бойынша ашық дауысқа салу арқылы депутаттар құрамынан редакциялық комиссия құрады. Редакциялық комиссия құру жөнінде

аудандық Мәслихат шешім қабылдайды.

13. Сессияда ашық дауысқа салу кезінде аудандық Мәслихат арқылы құрамы бекітілген депутаттар тобына дауыс санау жұмысы тапсырылады. Ашық дауысқа салу алдында төрағалық етуші дауысқа түсетін ұсыныстардың санын анықтап, қандай басым көпшілік дауыспен шешім қабылданатының нақтылайды. Дауысқа салу ұсыныстардың тұсу ретімен жүргізіледі. Бір мәселе жөнінде қайталап дауыс беруге болмайды. Депутаттардың қарама-қайшы пікірі болмаған жағдайда дауысқа санақ жүргізілмейді.

Бір мәселе жөнінде дауыс берген кезде әрбір депутат бір дауысқа ие және оны ұсынысқа қосылуға немесе қарсы болуға бере алады.

Дауыс санағы аяқталған соң мәжілісте сессия төрағасы дауыс нәтижесіне байланысты ұсыныс қабылданғанын немесе қабылданбағанын хабарлайды.

Аудандық Мәслихаттың негізгі мәселе жөніндегі шешімі сессияға қатысушы депутаттардың басым көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады, егер бұл мәселелер шешімін тапса хаттама жазылып, мәжіліс стенограммасына түсіріледі.

14. Аудандық Мәслихат хатшысын сайлау "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 19 бабына сәйкес Мәслихаттың регламентімен айқындалып, депутаттардың ұсынысы бойынша дауысқа салынып ашық-та жабық-та өткізуге болады.

Аудандық Мәслихаттың хатшысын депутаттар шешімімен ашық сайлауға келіскең жағдайда депутаттар арасынан есеп-санақ тобы құрылып, Мәслихат хатшысын сайлауға "жақтап", немесе "қарсы" берілген дауыстарды санап, хаттамага енгізіп, қорытындысын сессия төрағасына жеткізеді.

Төраға осы негізде хатшының сайланғаны немесе сайланбағаны туралы хабарлайды.

Егерде кандидатураны жақтап сессияға қатынасып отырған депутаттардың жартысынан көбі жақтап, дауыс берсе, онда сол кандидатура хатшы болып сайланады.

Мәслихат хатшысының кандидатурасын сессияның алдында өткен депутаттар өкілдерінің жиналысында депутаттардың кем дегенде 1/3 бөлігі талқылап, солардың атынан 1 депутат сессияға ұсынады. Сессия барысында қосымша кандидатура ұсынуға да болады.

15. Жасырын дауыс өткізу және оның қорытындысын анықтау үшін аудандық Мәслихат депутаттар құрамынан есеп-санақ комиссиясы сайланады. Есептеу комиссиясына кандидатураларын сайлау органдары мен жауапты қызметке ұсынылған депутаттар енгізілмейді. Есептеу комиссиясын құру жөнінде арнайы шешім қабылданады.

Есептеу комиссиясы өз құрамынан комиссия төрағасы мен хатшысын

с а й л а й д ы .

Бюллетеньде шешім жобасы бойынша дауыс беру үшін "Жақтау үшін" және "қарсы" деген сөздер жазылады. Дауыс беру уақыты мен орнын, оны өткізу тәртібі регламент негізінде есептеу комиссиясы арқылы белгіленеді және оны есептеу комиссиясының төрағасы хабарлайды.

16. Аудандық Мәслихаттың әрбір депутатын мәселенің шешімі бойынша бір-бір бюллетеннен беріледі.

Жасырын дауыс беру үшін бюллетендер депутаттарға есептеу комиссиясының мүшелері арқылы аудандық Мәслихат депутатының куәлігін көрсеткеннен кейін депутаттар тізіміне сәйкес беріледі.

Депутаттардың бюллетеніндегі толтыруы жабық дауыс беретін бөлмеде бюллетеніндегі өзінің қолдайтын кандидатының аты-жөнінің тұсына белгі соғу арқылы немесе қарсы дауыс беретін кандидатының аты-жөнін сизу жолымен анықталады.

Бюллетеніге кейін жазылған кандидаттардың аты-жөні санақ кезінде есепке алынбайды.

17. Жасырын дауыс берудің қорытындысы жөнінде есептеу комиссиясы хаттама жасап, оған есептеу комиссиясының барлық мүшелері қол қояды. Есептеу комиссиясының мәлімдемесі бойынша аудандық Мәслихат жасырын дауыс беру қорытындысын бекіту жөнінде қаулы қабылдайды.

18. Аудандық Мәслихат депутаты дауыс беру құқығын жүзеге асыруға міндетті.

Дауыс беру кезінде қалыс қалған депутат, кейіннен дауыс беру құқына ие бола алмайды.

19. Аудандық Мәслихат өз жұмысындағы кез келген мәселе бойынша уақытша комиссия құра алады. Уақытша комиссия депутаттардан құрамында төраға мен комиссия мүшелері болып ашық дауыспен сайланады. Комиссия өзінің жұмысына аудандық Мәслихат депутаты болып табылмайтын, мамандар мен қызметкерлерді тарта алады.

Уақытша комиссияның міндеттері мен жұмыс тәртібі аудандық Мәслихат арқылы анықталады. Уақытша комиссия өз жұмысын өзіне жүктелген тапсырманы орындаған соң тоқтатады немесе аудандық Мәслихат шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылады.

20. Аудандық Мәслихат қарауына жататын баяндама, қаулы жобалары, басқа да мәселелер бойынша материалдар аудандық Мәслихат аппаратына кезекті сессияға дейін 14 күн бұрын, ал негізгі мәселе бойынша материалдарды 21 күн бұрын әкеleу қажет.

Алдын ала қарау және ұсыныстар дайындау үшін баяндама мен қаулы жобалары тиісті тұрақты комиссияға жөнелтіледі. Бұл орайда қорытынды

дайындау үшін арнайы комиссия анықталады.

21. Депутаттың сұранысына жауап үшін 5-7 минут, сұрағына - 3 минут уақыт беріледі.

Сұраныс тыңдалған соң оның жауабы талқылауға ұсынылуы мүмкін. Сұранысқа жауап бойынша аудандық Мәслихат қаулы қабылдайды.

Депутаттың аудандық сот төрағасына, аудан прокурорына, тексеру органдарына бағышталған сұранысы олардың нақтылы ісіне қатысты болмауы тиис.

22. Аудандық Мәслихат сессиясында айтылған немесе ашық мәжіліс барысында сессия төрағасына жазбаша түрде берілген ұсыныстар мен ескертулер аудандық Мәслихат аппаратының ұйымдастыру бөлімінде толықтырып, өндөліп, тиісті мемлекеттік және қоғамдық органдар мен жауапты адамдардың қарауына жіберіледі. Сессияда айтылған депутаттардың ұсыныстары мен ескертулерін жүзеге асыруға бақылау жасау ұйымдастыру бөлімі мен тиісті тұрақты комиссияға жүктеледі.

23. Аудандық Мәслихат аппараты сессия аяқталған соң бір аптадан кешіктірмей мәселеге қатысы бар кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарға, қажет болған жағдайда депутаттарға қабылданған шешімді жібереді.

24. Сайлау комиссияларын құру тәртібі.

Сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу аудандық мәслихаттың шешімін қабылдау жолымен жүзеге асырылады, мұнда құрамды қалыптастыру саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары негізінде жүргізіледі.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің өкілеттік мерзімі мен саны қолданылып жүрген заңға сәйкес жүзеге асырылады.

25. Сайлау комиссиясы мүшесінің босаған лауазымына осы сайлау комиссиясында өкілі жоқ саяси партия мен басқа да қоғамдық ұйымдардан ұсыныстар қабылданады. Босаған лауазымды ауыстыру процедурасы осы регламенттің 26, 27, 28 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру жөніндегі уақытша жұмыс комиссиясын (бұдан әрі уақытша комиссия) құру сайлау комиссияларын құру туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланғаннан кемі үш күн бұрын мерзімде аудандық Мәслихат хатшысының өкімі негізінде жүзеге асырылады.

Уақытша комиссияның құрамы депутаттардан және аудандық Мәслихаттың аппараты қызметкерлерінен құрылады.

Сайлау комиссиялары өкілеттігінің мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей аудандық мәслихат бұқаралық ақпарат құралдарында жаңа сайлау комиссияларының құрылғандығы туралы хабарлайды. Хабарламада құруға

жататын сайлау комиссияларының тізбесі, сайлау комиссияларының құрамына сайлау үшін ұсынылған кандидатуралар бойынша ұсыныстардың мерзімі мен тәртібі, осы ұсыныстар берілетін мекен-жайы көрсетіледі.

Сайлау органдарының тізбесі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан бастап 30 күннің ішінде саяси партиялар және басқа да қоғамдық бірлестіктер ұсынылатын сайлау комиссиясын көрсете отырып тиісті формаға сәйкес кандидаттар тізімін жібереді, оларға мыналарды қоса береді:

1) саяси партияның және өзге де қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің органы отырысының кандидаты тиісті сайлау комиссиясына ұсыну туралы хаттамасына көшірмені;

2) саяси партияны және өзге де қоғамдық бірлестікті, олардың құрылымдық бөлімшелерін әділет органдарында тіркеу туралы құжаттың көшірмесін;

3) кандидаттың тиісті мәслихат хатшысының атына жазылған сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініші.

27. Сайлау комиссияларын құру және сайлау.

Мәслихаттың уақытша комиссиясы саяси партия және басқа да қоғамдық бірлестіктерден, олардың құрылымдық бөлімшелерінен, жоғары тұрған комиссиядан құрылатын сайлау комиссиясының құрамына түскен ұсыныстарды жинастырумен, өндөумен айналысып, аудандық Мәслихаттың бекітуіне ұсынады.

Сайлау комиссияларының құрамын дайындауда уақытша комиссия алдымен саяси партиялардан түскен ұсыныстарды басшылыққа алады.

Саяси партиялардан тиісті сайлау комиссиясының мүшелерінің санына тең (жеті) ұсыныс түскенде уақытша комиссия мәслихаттың отырысына осы сайлау комиссиясының құрамына дауыс беру туралы ұсыныс енгізеді. Егер мәслихат депутаттары нақты бір кандидатураға қарсылығын білдірсе, ол сол саяси партияны не қоғамдық бірлестікті танытатын кандидатураға ауыстырылады.

Саяси партиялардан тиісті сайлау комиссиясының мүшелері санынан артық (жетіден артық) ұсыныс болғанда, комиссия мәслихаттың отырысында рейтинглік дауыс беруді өткізуі ұсынады. Уақытша комиссия әрбір депутат үшін осы кандидатураны қандай саяси партия енгізгенін көрсете отырып саяси партиялар ұсынған кандидатуралар кіретін бюллетеніндегі дайындайды. Бюллетеніге кандидатуралар саяси партиялардан ұсыныстардың келіп түсү кезектілігімен қосылады. Депутаттар бюллетеніге кандидатуралар тектерінің және саяси партиялардың атауларының оң жағында барлығы тек жеті квадратқа ғана белгі қояды. Алғашқы жеті орынға ең көп дауыс алған саяси партияның өкілдері сайланған болып саналады.

Саяси партиялардан тиісті сайлау комиссиясы мүшелерінің санынан кем (жетіден кем) ұсыныс түскен кезде уақытша комиссия жетіспейтін

кандидатуралар бойынша бос орындарға басқа қоғамдық бірлестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларынан ұсыныс енгізеді.

28. Рейтинглік дауыс бергеннен кейін Есеп комиссиясының төрағасы сайлау комиссиясының төрағасын, орынбасарын, хатшысын сайлау жөніндегі сайлау комиссиясының ұйымдастыру мәжілісін жүргізетін сайлау комиссиясының мүшесін атайды. Бұл кандидатураны Есеп комиссиясы мәслихат депутаттарының берген даусының санына қарай анықтайтын болады. Мұндай депутаттар дауысы бірдей болған жағдайда аталмыш кандидатура депутаттардың ашық дауыс беруімен анықталады.

Аймақтық, округтік сайлау комиссияларының төрағалары, төраға орынбасары, хатшысы сайлау комиссиясы құрылғаннан кейін кемінде жеті күннің ішінде сайлау комиссиясының отырысында сайланады.

Аудандық мәслихат сайлау комиссияларының құрамын және өзгерістерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады. Жарияланатын материалдардың көлемі сол басылымның бір нөмірінде оның қосымшасымен бірге жарияланады.

29. Аудандық Мәслихаттың құзырына ауданының жоспарларын, ауданының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының, олардың орындалысы туралы есептер, аудандық бюджетті, ауданды басқару схемасы, аудан аумағында орналасқан кенттер мен ауылдар салудың бас жоспарларын бекіту жатады.

30. Аудандық Мәслихат ауданының әлеуметтік - экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламалардың және аудандық бюджеттің орындалу барысын балаіды.

31. Аудандық Мәслихат депутаттары алдында аудан әкімі жылына екі рет ауданының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының жүзеге асырылуы туралы есебі түндалыс.

32. Аудан әкімінің аудандық Мәслихатқа есеп беретін кестелері бекітілсін. Ол аудандық "Жаңаарқа" газеті бетінде жариялансын.

Есеп беру кездесулері басталуынан 10 күн бұрын және есеп беру уақыты аудандық газет беттеріне жариялансын.

Аудан әкімінің есеп беру кездесулеріне дайындық және өту барысында аудандық Мәслихаттың депутаттарынан түскен ұсыныстар мен ескертулерді жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар соңғы есеп беру кездесуі өткізілген күннен 5 күннен кеш уақыт ішінде бекітілсін және бұқаралық ақпарат көздерінде жариялансын.

Ескерту. 29-32 тармақтармен толықтырылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2006.03.17 N 25/213 шешімімен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК